



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

В целом принято выделять первичную, вторичную и третичную профилактику. Первичная профилактика направлена на устранение неблагоприятных факторов, вызывающих определенное явление, а также на повышение устойчивости личности к влиянию этих факторов. Первичная профилактика может широко проводиться среди учащихся подросткового возраста. Задача вторичной профилактики - раннее выявление и реабилитация нервно-психических нарушений и работа с «группой риска», то есть с подростками, имеющими выраженную склонность к формированию отклоняющегося поведения без проявления такового в настоящее время. Третичная профилактика решает такие специальные задачи, как лечение нервно-психических расстройств, появившихся на почве интернет-аддикции, сопровождающихся нарушениями поведения. Третичная профилактика также должна быть направлена на предупреждение рецидивов у лиц с уже сформированным девиантным поведением.[7]

Интернет-аддикция - реально существующий феномен. По мнению многих психологов, социологов и психиатров с ростом компьютеризации и дальнейшего технологического прогресса будет неумолимо расти число и интернет-аддиктов. Важно уже сейчас проводить профилактические мероприятия, такие как беседы, лекции для того, чтобы избежать роста числа интернет – аддиктов, особенно среди молодой части населения.

Список использованных источников

1. Пархоменко М. «У игромании в плену», Казахстанская правда // 2013.с 3-4.
2. Войскунский А.Е. Психологические исследования феномена Интернет-аддикции // Тезисы докладов 2-й Российской конференции по экологической психологии. М.: Экспоцентр РОСС. 2000 С. 251-253
3. Егоров А. Ю. Интернет-зависимости. Руководство по аддиктологии. СПб.:Речь, 2007. С 182-196.
4. Янг К. С. Диагноз - интернет-зависимость. Мир Интернет. - 2000. - № 2. - С. 24-29.
5. <http://www.helpguide.org/articles/addiction/internet-and-computer-addiction.htm>
6. Керделан, К. Дети процессора: как Интернет и видеоигры формируют завтрашних взрослых / К. Керделан, Г. Грезийон; пер. с фр. А. Луцанова. - Екатеринбург: У - Фактория, 2006.
7. Егоров, А. Ю. Особенности личности подростков с интернет- вопросы психологического здоровья детей и подростков. - 2005. - №2. - С. 20-27.

УДК 37.015. 323

БАЛАЛАР ҮЙІ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қаратаева Маржан Бейсенбайқызы

marzhan1994@bk.ru

Астана, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті ,
«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі- Исахова Г.Д

Еліміздегі жаһандану кезеңі қоғамдағы көптеген әлеуметтік мәселелерді айқындады. Солардың бірі: балалар үйінде тәрбиеленетін балалар мәселесі. Олардың өмірге дайындық процесі тар шеңберде өтетіндіктен, бұл балалардың әлеуметтенуі де өзіндік ерекшелікке ие. Балалар үйі жетім ұғымымен тікелей байланысты. Жетім ұғымының анықтамасына келер болсақ, бұл да тарихи сипатқа ие. Орта ғасырларда бұл терминді кедей шаруа балаларына қатысты қолданылды. Қазірде бұл ата-анасынан айырылған кәмелетке дейін мемлекет қамқорлығындағы және одан кейін тиісті заң бойынша белгіленген жеңілдікті

пайдаланушылар деп ұғынып, таза және әлеуметтік түрі ажыратылған.

Ал, Қазақстандағы балалар үйінің хал-жағдайлары туралы келер болсақ, жетімдікпен күрес мәселесі тек қана мемлекеттің ғана емес, сонымен бірге көптеген бейтарап ұйымдардың да басты мәселесіне айналды. Егер де 1991 жылы біздің республикамызда 42 балалар үйлері болса, 2014-ші жылы 154 балалар үйі белгілі болып есептелінді, онда 13000 жетім-балалар саны мемлекеттің қамқорлығында тәрбиеленуде.

Әлеуметтену – тұлғаның қалыптасу үрдісі, индивидтің тілді меңгеруі, әлеуметтік құндылықтар, тәжірибе және т.б процестер. Жетім балалардың әлеуметтенуі – олардың әлеуметтік қасиеттерді, тәжибені меңгеру барысында өздері әлеуметтік тәжірибеге ене отырып, өзіндік жеке өмірде әрекет етуге бағытталған көпқырлы күрделі үдеріс. Ортаға бейімделу қабілеті баланың психикалық жай-күйі ерекшеліктеріне байланысты. Бала психикасының дұрыс қалыптасуында отбасының ерекше орын алатыны белгілі. Отбасының мәні баланың тәжірибе жинақтауға жасалатын жағдайларымен анықталады.

Балалар үйі, интернаттар жағдайындағы «жабық» орта сенсорлық «аштық» тудыра отырып кез-келген жастағы адам баласына болып қолайлы орта тудырмайтыны анық. Әсіресе, жаңа дамып, өсіп келе жатқан бала психикасы үшін оның зардаптары өте көп. Бұл жағдайға қатысты өзекті мәселелердің негізгілері мыналар: жетім балалар денсаулығына деген әлеуметтік қамқорлық әлсіздігі, олардың құқығына қол сұғу мәселесі, қоғам өмірінің барлық салаларына толық араласуға жағдайдың қалыптаспауы.

Осы мәселелерді шешуде негізгі екі көзқарас қалыптасқан. Бір жағынан, балалар үйі мен мектеп-интернаттың балалары отбасында тәрбиеленетін балалардан ерекшеленбейді және олардың мәселелерін тек материалдық жағдайда жақсарту және оқу-тәрбие процесіне бірқалыпты жағдай туғызу арқылы шешуге болады десе, екінші жағынан, қазіргі таңда балалар үйінде және интернаттардағы балалардың дені сау емес, барлығы ауыр тұқым қуалаушылыққа негізделген соматикалық және психикалық аурулармен ауырады деген көзқарас қалыптасқан. Осы екі көзқарастың да шындыққа жақындайтын жерлері бар сияқты [1].

Балалар үйі мен интернаттың тәрбиеленушілерінің ішінен жоғары оқу орындарына түсіп, түрлі салаларда қызмет атқарып, қоғамдық өмірге белсене араласып жатқандары бар екені белгілі. Дегенмен, қазіргі кездегі балалар үйіндегілердің барлығы бірдей жетім балалар емес. Мұндай мекемелерде ата-аналық құқынан айырылғандардың балалары, жалғызбасты ата-аналардың балалары, ата-аналары тастап кеткен балалар, ауруына байланысты әрекетке жарамсыз деп танылғандардың балалары, ата-анасы сотталып кеткендердің балалары, жетім және тастанды балалар тәрбиеленеді. Бұларды «әлеуметтік жетімдер» деп атайды.

Балалар үйінде тәрбиеленушілердің жиі жағдайда өздерінің жеке құндылықтары жайлы ұғымдарының әлеуметтік беку жағдайлары жиі жағдайда жоқ болады, бұл терең эмоционалды дискомфортқа әкеліп соғады, ал ол өз кезегінде агрессия мен мазасызданудың пайда болуына себепші болады. Мазасыздану дегеніміз, бұл болатын қауіп-қатерді күтуге орай эмоционалды дискомфортты бастан кешу жағдайы [2].

Балалар үйлеріндегі балалардың көбісі өмірдегі ең басты нәрсе – ата-аналар қамқорлығы мен махабатынан айырылғандар. Олардың көбісі «отбасы», «үй», «ана», «әке» деген ұғымдардың мәнін түсіне бермейді. Бұл ұғым-сөздерді білмеу интернат пен балалар үйі жағдайындағы ұйымдасқан тәрбие процесіне өте көп проблема тудырады.

Ресейде балалар үйі тәрбиеленушілерімен жүргізілген психологиялық зерттеу нәтижелеріне сәйкес оларда ес пен зейін дамуында маңызды ауытқушылық байқалмайтындығын анықтаған. Бірақ оларда әлем көрінісі әлсіз қалыптасады, ол танымдық салада есептерді шешуде қабілетсіздік, абстрактілі-логикалық ойлау дамуының төмендігінде көрініс табады. Вербальді-логикалық ойлау қабілетінің төмендеуі ерекше айтылады. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар үшін жағдайдан тыс жекелік әңгімелесу қиындық тудырады.

Бір жарым жастық балалар үйінің тәрбиеленушілері әлеуметтік жүріс-тұрысы мен

интеллектуалдық дамуында бір жастық бала деңгейінде болады, ал екі жарым жасында бір жарым жасар бала деңгейіне қиындықпен жетеді. Ары қарай бұл айырмашылық өсе береді. Бөбектер үйіндегі балалардың 50% абсолютті түрде дені сау болса да әрең жүріп және сөйлеп кетуі мүмкін. Оларда ағзалық бұзылыстар жоқ, дамуында кедергілер психикалық сипатқа ие. Бірақ оларда қалыпты тіршілік етіп дамуы үшін әлеуметтік шарттар жолға қойылмаған. Отбасынан тыс тәрбиеленетін балаларда толыққанды дамуы үшін мүмкіншілігі анағұрлым азаятындығы ғалымдармен дәлелденген. Зерттелгендерден бір мен үш жас шамасындағы балалар үйі тәрбиеленушілері арасында 46% физикалық дамуда, ал 75% психикалық дамуда қалыс қалуда. Ересектер өздерінің ата-аналық функцияларынан жиі бас тартып, балаларын балалар үйіне өткізеді. Осының нәтижесінде жаңа құбылыс – әлеуметтік жетімдікті тудырады. Басқа мәліметтер бойынша балалар үйі тәрбиеленушілерінің 60% ауыр созылмалы патологиямен (көбісі орталық жүйке жүйесі) зардап шегеді.

Шамамен 55% физикалық дамуда артта қалуда, 30% бас миының ағзалық зақымдалуы және басқа да арулардан зардап шегеді. Жетімдердің 5% -нан азы толықтай дені сау саналады. Тәрбиеленушілердің 85-92% жағдайында мектеп бағдарламасы бойынша білім алуға қабілетсіз, ал бұл көрсеткіш жалпы балалардың арасында 10% дан аспайды.

Э.А. Минкова өзінің зерттеулерінде балалар үйі тәрбиеленушілерінің эмоционалдық портретінің өзіндік қырларын сипаттайды: көңіл-күйдің түсіңкі жайы; эмоцияның жұтаң гаммасы, қарым-қатынастың эмоционалды-экспрессивті құралының бірізділігі; көңіл-күйдің жылдам өзгеруіне бейімділік; эмоциялық көріністердің біркелкілігі мен стереотиптілігі, эмоциялық үстірттік, мақұлдаулар мен ескертпелерге эмоциялық елеудің сәйкес емес формалары (енжарлықтан пен селқостықтан агрессиялық пен өшпенділікке дейін) ; қорқыныш, үрей, мазасыздыққа жоғары бейімділік; жағымды эмоцияларға негізгі бағыттылық – жаңа істерден ләззат алу; басқа адамның эмоциялық жағдайының байыбына бармау; шектен тыс ырықсыздық және аффективтілік (алты жеті жасқа дейінгі балалар жүріс-тұрысына ие бола алмай аффектілі күйде болады).

Балалар үйі тәрбиеленушілерінің жақсы қалыптасуындағы ең үлкен ауытқулар мен қиындықтар эмоциялық ерікті салада- айналасындағылармен қалыпты қарым-қатынас орнату қабілетсіздігінде, өзін-өзі ұйымдастырудың, мақсаттылықтың төмендеуінде, дербестіктің жеткіліксіз дамуында көрінеді. Бұзылыстардың нышаны болып көтеріңкі тынышсыздық, шиеленушілік, психикалық шаршау, стресс, қиындықтарды еңсеруге әзірсіздік, жетістікке жетуге қажеттіліктің болмауы, жоғары ашушандық, сенімсіздік, шамданғыштық, сабырсыздық т.б болады. Балалар үйі мен мектеп-интернаттарға түскен көптеген балалар қиын өмірлік жағдайды басынан өткерген, оның ішінде ересектердің қайырымсыздығы, сексуалды зорлық-зомбылық, алкогольизм мен нашақорлық жағдайы көп кездеседі. Отбасынан айырылу мен түрлі мекемелерге қоныстану сияқты травмалық жағдайлар нәтижесінде бала қорғаныш сезімін жоғалтып алады [3].

Балалар үйлеріндегі балалардың психикалық дамуының түрліше болуына тұқым қуалаушылық ерекшеліктерінен гөрі тұрмыс жағдайында тәрбие мен оқытудағы айырмашылықтар көбірек әсер етеді. Өмірінің алғашқы күндерінен бастап балалар үйіне түсетін жандардың дамуы ата-анасы бар балалардың дамуынан ерекше болатыны хақ, қарым-қатынасқа деген қажеттілік бала 1 айға толар-толмас шақта байқалады. Әрине, ондай қарым-қатынас жасайтын анасының жоқтығынан сыртқы ортадан алатын бала әсерлерінің ауқымы шектеулі болады. Мұндай сенсорлық оқшаулану, дамуды кешеуілдетеді. Атап айтқанда, қимыл-қозғалыстарының дамуы баяулайды, тілдері кеш шығады, кей жағдайда ақыл-ойының дамуы да тежеледі.

Баланың тұлға ретінде қалыптасуына өмірінде «Ата-ана-бала» қарым-қатынас жүйесіне түспеуі қатты әсер етеді. Мінездерінде қырсықтық, бірбеткейлік сияқты жағымсыз қасиеттер ерте көріне бастайды. Бала толыққанды даму үшін ең алдымен оның махаббатқа деген қажеттілігі қанағаттандырылуы қажет. Кейбіреулер оны туылғаннан пайда болатын қажеттілік десе, енді біреулер өмір сүру барысында қалыптасатын қажеттілік деп есептейді. Осы қажеттіліктің қанағаттандырылмауы бала дамуының бұзылысына және эмоциялық

депривацияның пайда болуына әкеліп соғады.

Депривация – психология мен медицинада кең қолданылатын термин. Бұл термин ағылшынның «deprivation» сөзінен шыққан, қазақша мағынасы: өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндігінің шектелуі немесе жойылуы. Эмоциялық депривация балалар үйінде тәрбиеленетіндер де ерекше байқалады. Депривацияның келесі түрі – сенсорлық депривация – яғни заттық ортаның болмауы және сезім мүшелері қоздырғыштараның жетіспеуі. Депривацияның бұл түрін де балалар үйінде тәрбиеленетіндерден кездестіреміз.

Депривация сонымен қатар тек балалар үйінде емес, отбасында тәрбиеленіп жатқан балаларда да байқалады. Отбасында анасы болмаған немесе баласына эмоциялық көңіл бөлмеген жағдайда аналық депривация туындайды. Психикалық күймен сипатталады. Аталған психикалық жағдай мінез-құлықтың өзгеруінен байқалады. Депривация механизмі баланың сыртқы орта адамдарымен қарым-қатынасының шектелуімен, баланың негізгі психикалық қажеттіліктерінің жеткіліксіз қанағаттандырылуымен байланысты. Сонда, психикалық депривация деген өмірлік жағдайлар нәтижесінде туындайтын нақты психикалық күй. Мұндай жағдай баланың негізгі қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға қолайлы мүмкіндіктері болмаған кезде туындайды.

Балалар үйінде тәрбиеленетіндер көп жағдайда нашар тұқым қуалаушылық қасиеттеріне ие: алкоголизм мен нашақорлық, туылғаннан пайда болатын психикалық және неврологиялық патологиялар маскүнем ата-аналардан туылған балаларда, жүктілікті тоқтату үшін түрлі шараларды қолданған аналардан туылған балаларда түрлі психикалық ауытқулар байқалады. балалар үйінде тәрбиеленетіндерде психопатологиялық белгілер: ақыл-ой кемістігі және шизофрения белгілері де кездеседі

У. Денис пен П. Наджарьян Ливанда 100 жетімді зертей отырып, балалар үйінде тәрбиеленушілердің өмірінің бірінші жылының аяғында-ақ отбасында тәрбиеленуші өз қатарластарынан психикалық даму жағынан кейін қалатындығын анықтаған. Зерттеушілер бұндай ерекшеліктердің себебін ана мен бала қарым-қатынасының кемшілігінен деп тапқан.

Л. Ярроу анасымен және анасыз тәрбиеленген балалардың биологиялық және әлеуметтік жағынан дамуында ерекшеліктері болатындығын анықтаған. Дәл осындай қорытындыға М. Раттер жабық түрдегі мекемелерде тәрбиеленуші балалардың «кері» тәрбиеленуінің себебі анасымен жеткіліксіз эмоционалды қатынасы, сенсорлы және әлеуметтік стимуляциялардың адығынан деп түсіндіреді.

Егер Р. Заззо жазбаларына үңілетін болсақ (1967), француздар бастапқыда, бала-бақшалардың құрылуына қарсы болған. Олар балаларын мұндай жалпылық мекемелерде «нақұрысқа» айналдырды деп есептеген және сондай жағдайдың пайда болуынан сақтаған.

Р. Спиз жазбаларынан анасынан бөлініп, жабық түрдегі мекемелерге келген сәбилердің бір жасқа деңгейінің 70% шегінетінін, ал қалған бөлігінің ақыл-ойлары артта қалатындығын көруімізге болады.

Ана бала үшін жалғыз ғана жақын адамы, қамқоршысы болады. Балалар үйінде де бірнеше қамқоршы-тәрбиешілер бар, олар сондағы балалардың туған анасын алмастыруға әрекеттер жасайды. Балалар үйі тәрбиешілерінің жұмысының тиімділігі, балалардың жеке адам болып қалыптасып, дамуы, мінез-құлқы, жүріс-тұрысына тигізетін әсері туралы мәселелерді көптеген психологтар жан-жақта қарастырған. Г.Х. Рейнгольд пен Н. Бейли (1959) көп аналардың балаға тигізер психологиялық әсерін сипаттады. Олар өз эксперименттерінде екі топтағы балаларды қарастырады: бірінші топта – 6 айлық баланы 8-айының соңына дейін бір ғана тәрбиеші күткен, ал екінші топтағы балаға төрт тәрбиеші қамқор болған. 3 ай мерзімінде жүргізілген эксперимент нәтижесі бірінші топтағы баланың екінші топтағы балаларға қарағанда әлеуметтік реактивтіліктің жоғарылығын көрсетті, ал 1 жылдан соң, бұл эксперимент алдыңғы нәтижені қайталамады. Зерттеушілер балаға бір немес бірнеше тәрбиешінің қамқорлығында болуы оның дамуына ерекше әсер етпейтіндігі туралы қорытындыға келеді. Осы мәселеге байланысты өзге зерттеулерде ғалымдар мынадай қорытындыға келеді: «Қанша адамның қамқор болуы бала үшін маңызды емес, аса маңыздысы әр баланың қамқорлық пен сүйіспеншілікті біліп, сезініп

өсуінде»,—дейді. Тәрбиешінің аздығы баланың дамуын тежейді, даму ең алдымен ересектермен қарым-қатынас процесінде, іс-әрекетте ілгері басады. Нәресте неғұрлым жас болса, соғұрлым ол әлсіз болады, сондықтан да қай ортада өмір сүрсе, соған тәуелді болады.

Отбасында және отбасынан тыс тәрбиеленген балалардың психологиялық дамуы жөніндегі ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, көп жағдайда отбасы тәрбиесіндегі балаларға қарағанда отбасынан тыс тәрбиеленушілердің даму барысының әлде қайда баяу екендігін көреміз. Вербалды емес функцияның қалыптасуының тоқырауға ұшырауы ерте жастағы ойлауға, балалардың айналадағы адамдармен қарым-қатынасына, сөйлеуіне, т.б іс-әрекеттері де із қалдырады.

Мектеп интернаттарында балалар дамуындағы шынайы қауіп — оларды «өзгелердің ақылымен» басқарыла отырып, өмір сүруінде. Үнемі қатарластарының ішінде жүруі, шулы уақытта бос өткізетін ортада жүруі, ересектердің оларға сирек көңіл аударуы, балалардың жүйкесінің шаршауына себепші болады. Бұл тәрбиенің жетіспеушілігі болып табылады.

Жалпы айтқанда балалар үйінде тәрбиеленушілер психикасы жағынан кейін қалып отырады және де ауытқулары да байқалады.

Сонымен балалар үйінде тәрбиеленушілердің психикалық дамуын қарастыра келіп, аталған мекеменің әр тәрбиешінің жеке даралық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы ұйымдасқан психологиялық қызмет көрсетуді талап етіп, айтуымызға болады. Себебі, жабық түрдегі мекеме психологы балалардың психикалық дамуындағы өзгерістерінің орнын басуға мүмкіндік беретін дамытушы, психокоррекциялық бағдарламаларды құруы балалар үйінде тәрбиеленушілердің көптеген мәселелерін шешуге жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мақашқұлова Г. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің психикалық ерекшеліктері. Қазақстан мектебі, 11-12/2005, 52-53 б.
2. Прихожан А.М., Толстых Н.Н. Дети без семьи. М, 1990, 176 б.
3. А.И. Кравченка. Социальная работа. М, 2008, 275 б.

УДК 316.3:[338.46:364]

АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖҮЙЕСІ

Қазизова Айгерім

Aygerima93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Әлеуметтік Ғылымдар факультеті Әлеуметтік Жұмыс мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші – Есимова Д.Г.

Соңғы 20 жыл ішінде шетел елдерінде әлеуметтік жұмыс қолдаудың әлеуметтік моделі шеңберінде құрылады және қиын өмірлік жағдайдағы адам тұлғасына, сонымен қатар әлеуметтік мәселелерді жоюға, өмір сүру ортасын өзгертуге бағытталған. Қазіргі таңда Қазақстан арнаулы әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік жұмыстың кәсіби институтының тарихи қалыптасу кезеңінде тұр. Балалар халықтың әлсіз әлеуметтік тобы ретінде әрқашанда мемлекет жүргізіп отырған әлеуметтік саясаттың басым бағыты болып табылады. Жетім балалар, мүгедек балалар, психоневрологиялық аурулары бар, тірек – қимыл аппаратының бұзылысы бар, ата – ана қамқорлығынан айырылған балалар, қараусыз және қадағалаусыз қалған балаларға мемлекет тарапынан түрлі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Осыған орай Елбасы 2009 жылы халыққа көрсетілетін қызметтердің тиімділігін арттыру мақсатында "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңын қабылдады. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңы тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің дамуына және Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып